

## **Приозерск қаласында шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 20 мамырдағы № 28 /215 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 21 мамырда № 6774-09 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025 жылға Приозерск қаласында шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында туристік жарна мөлшерлемелері болу құнынан 0 (нөл) пайыз болып бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Исатаев*